

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы

2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін шоғырландырылған қаржы нәтижелері

«Қазақстан Халық Банкі» акционерлік қоғамы және оның еншілес ұйымдары (бұдан әрі – Банк) (Лондон Қор Биржасындағы (LSE) тикер: HSBK, Қазақстан қор биржасындағы (KASE) тикер: HSBK және HSBKd, АХҚО биржасындағы (AIX) тикер: HSBK және HSBK.Y) 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржы ақпаратын жариялайды.

Пайда немесе залал туралы шоғырландырылған есеп

	Млн теңге							
	9А 2025	9А 2024	ж/ж, абс	г/г, %	Зтоқ. 2025	Зтоқ. 2024	ж/ж, абс	ж/ж, %
<i>Пайыздық кірістер⁽¹⁾</i>	1,986,382	1,571,860	414,522	26.4%	697,085	559,852	137,233	24.5%
<i>Пайыздық шығыстар</i>	(1,018,110)	(780,174)	(237,936)	30.5%	(369,546)	(272,049)	(97,497)	35.8%
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарға дейінгі таза пайыздық кіріс	968,272	791,686	176,586	22.3%	327,539	287,803	39,736	13.8%
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша кірістер</i>	175,574	153,568	22,006	14.3%	61,257	53,838	7,419	13.8%
<i>Қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстар</i>	(73,767)	(60,991)	(12,776)	20.9%	(27,232)	(22,212)	(5,020)	22.6%
Қызметтер мен комиссиялар бойынша таза кірістер	101,807	92,577	9,230	10.0%	34,025	31,626	2,399	7.6%
Сақтандыру қызметінен түскен таза кіріс ⁽²⁾	51,331	26,276	25,055	95.4%	25,491	11,474	14,017	X2.2
Шетел валютасымен операциялар, қаржы активтері және міндеттемелер бойынша таза пайда ⁽³⁾	142,090	149,035	(6,945)	(4.7%)	54,143	58,986	(4,843)	(8.2%)
Басқа шығыстар / пайызсыз кірістер ⁽⁴⁾	48,133	(31,188)	79,321	(x2.5)	16,660	12,851	3,809	29.6%
Кредиттік залалдар бойынша шығыстарды қалыптастыру және басқа кредиттік залалдар бойынша қалпына келтіру	(107,475)	(96,928)	(10,547)	10.9%	(45,957)	(31,181)	(14,776)	47.4%
Операциялық шығыстар ⁽⁵⁾	(221,309)	(180,699)	(40,610)	22.5%	(74,702)	(64,841)	(9,861)	15.2%
Табыс салығы бойынша шығыс	(172,914)	(111,944)	(60,970)	54.5%	(55,866)	(46,996)	(8,870)	18.9%
Таза пайда	809,935	638,815	171,120	26.8%	281,333	259,722	21,611	8.3%
Бақыланбайтын үлес	2	2	0	-	0	2	(2)	-
Банктің жай акционерлеріне таза пайда	809,933	638,813	171,120	26.8%	281,333	259,720	21,613	8.3%
Таза пайыздық маржа, жылдық	7.2%	7.1%			7.1%	7.3%		
Орташа меншікті капиталға қайтару (RoAE), жылдық	33.8%	32.7%			34.3%	38.2%		
Орташа активтерге қайтару (RoAA), жылдық	5.6%	5.2%			5.6%	6.0%		
Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы	16.9%	17.6%			16.3%	16.1%		
Клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны, жылдық	1.4%	1.3%			1.4%	1.2%		

(1) Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер және басқа пайыздық кірістер;

(2) Сақтандыру қызметтеріне арналған шығыстарды, сақтандыру бойынша қаржылық (шығыстарды)/кірістерді және қайта сақтандыру бойынша таза шығыстарды шегергендегі сақтандыру бойынша кірістер;

(3) Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша таза пайда, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінен таза іске асырылған (залал)/пайда, шетел валютасымен жасалатын операциялар бойынша таза пайда (залал);

(4) Қауымдастырылған ұйымның пайдасындағы үлес, банктік емес қызметтен түсетін кірістер, өзге де кірістер/(шығыстар)

(5) Қаржылық емес активтердің құнсыздануын қалпына келтіруді/(залалды) қоса алғанда.

2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдағы пайда мен залал туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепте оны 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз айдағы есепті ұсыну нысанына сәйкес келтіру үшін жіктемеге өзгерістер енгізілді, өйткені ағымдағы кезеңдегі есепті ұсыну нысаны Топтың қаржылық нәтижелері туралы неғұрлым нақты түсінік береді.

2024 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған үш және тоғыз ай үшін қызметтер мен комиссиялар бойынша шығыстарды қайта жіктеу 5,784 миллион теңге және 15,282 миллион теңге сомасында депозиттерді сақтандыру бойынша шығыстардың және басқа кірістердің қайта жіктелуін қамтиды. Депозиттерді сақтандыру бойынша шығындар депозиттік шығындармен тікелей байланысты және басқа кірістер комиссиялық шығындарды өтеумен тікелей байланысты. Топ басшылығы депозиттерді сақтандыру бойынша шығыстарды қызметтер және комиссиялар бойынша шығыстарға комиссиялық шығыстарды өтеуге байланысты пайыздық шығыстар мен басқа кірістердің құрамына қайта жіктеу туралы шешім қабылдады.

Барлық коэффициенттер сәйкесінше қайта есептелді. Толығырақ ақпарат алу үшін 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы «Халық» тобының аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық ақпаратын қараңыз, № 46 ескерту.

Жай акционерлерге таза пайда 2025 жылғы 9 айда кредиттеу, транзакциялық және сақтандыру бизнесінің ұлғаюы арқасында, сондай-ақ ҚОҚ депозитінің 2024 жылғы 9 айдағы мерзімінен бұрын өтелуіне байланысты біржолғы шығынды тану жөніндегі базаның әсері есебінен жылдан жылға 26.8%-ға ұлғайды. Таза пайдаға 2025 жылғы кейбір банктік операциялардан түскен табысқа салынған үстеме пайда салығы, сондай-ақ 2025 жылғы 3-тоқсанда ең төменгі резервтік талаптарды ұлғайту теріс әсер етті. ҚОҚ депозитін мерзімінен бұрын өтеуді, үстеме пайда салығын және ең төменгі резервтік талаптардың ұлғаюын ескере отырып түзетілген таза пайданың өсуі 20.6%-ды құрайды.

Пайыздық кірістер⁽¹⁾ 2025 жылғы 9 айда 2024 жылғы 9 айдағымен салыстырғанда негізінен клиенттердің қарыздары бойынша орташа баланстың өсуі есебінен 26.4%-ға ұлғайды.

Пайыздық шығыстар 2025 жылғы 9 айда 2024 жылғы 9 айдағымен салыстырғанда негізінен клиенттердің қаражаты бойынша орташа мөлшерлеме мен орташа қалдықтардың өсуі, сондай-ақ клиенттердің теңгедегі қаражаты үлесінің өсуі салдарынан 30.5%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 9 айда клиенттердің қаражаты бойынша орташа мөлшерлемелердің ұлғаюына қарамастан, пайыздық пассивтер жиынтығына пайыздық кіріс әкелетін активтер жиынтығы ара қатынасының өсуі NIM-ге оң әсер етті. Нәтижесінде **таза пайыздық маржа** 2024 жылғы 9 айдағы 7.1 %-бен салыстырғанда 2025 жылғы 9 айда 7.2%-ға дейін өсті.

2025 жылғы 9 айда 2024 жылғы 9 айдағымен салыстырғанда комиссиялық кірістер мен шығыстардың жалпы динамикасы клиенттер санының және клиенттердің транзакциялық белсенділігінің өсуіне байланысты болды. 2025 жылғы 9 айдағы таза комиссиялық кіріс заңды тұлғалардың таза транзакциялық кірісінің өсуі, сондай-ақ берілген кепілдіктер мен аккредитивтер үшін комиссиялардың өсуі есебінен 2024 жылғы 9 айдағымен салыстырғанда 10.0%-ға ұлғайды. Жеке тұлғалардың таза транзакциялық кірісі адалдық бағдарламасы бойынша бонустар сомасының өсуі есебінен аздап төмендеді.

2025 жылғы 9 айдағы **басқа шығыстар/пайызсыз кірістер⁽⁴⁾** бойынша жалпы динамикаға 2024

жылғы 9 айдағы ҚОҚ депозитін мерзімінен бұрын өтеуге байланысты біржолғы шығынды тануға байланысты база әсері ықпал етті.

Операциялық шығыстар⁽⁵⁾ 2025 жылғы 9 айда 2024 жылғы 9 айдағымен салыстырғанда негізінен ұзақ мерзімді ынталандыру бағдарламасы бойынша шығыстарды, сондай-ақ АТ-ны дамытуға кеткен шығыстарды қоса алғанда, жалақы мен сыйлықақыларды индекстеу есебінен 22.5 %-ға өсті.

Операциялық шығыстардың операциялық кіріске қатынасы 2025 жылғы 9 айда операциялық кірістердің аса жоғары болуының арқасында 2024 жылғы 9 йдағы 17.6%-бен салыстырғанда 2025 жылғы 9 айда 16.9 %-ға дейін төмендеді.

2025 жылғы 9 айдағы **клиенттердің қарыздары бойынша тәуекел құны** жылдық болжамымыздың шеңберінде қалыпты деңгейде болып, 1.4%-ды құрады.

Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп

	Млн теңге						
	30- Қыркүйек- 25	30- Маусым- 25	2тоқ. аяғына қарай өзгер., абс	2тоқ. аяғына қарай өзгер., %	31- Желтоқсан- 24	Жыл басына қарай өзгер., абс	Жыл басына қарай өзгер., %
Активтердің барлығы	20,410,346	19,615,712	794,634	4.1%	18,548,414	1,861,932	10.0%
Ақша және оның баламасы	2,615,710	2,704,311	(88,601)	(3.3%)	1,780,132	835,578	46.9%
Міндетті резервтер	834,159	342,042	492,117	х2.4	306,330	527,829	х2.7
Кредиттік мекемелердегі қаражат	200,256	173,881	26,375	15.2%	156,966	43,290	27.6%
ҚР Қаржы Мин қазынашылық облигациялары және ҚРҰБ ноталары ⁽⁶⁾	2,487,956	2,620,517	(132,561)	(5.1%)	2,738,432	(250,476)	(9.1%)
Басқа БҚ және туынды құралдар ⁽⁷⁾	1,910,723	1,695,588	215,135	12.7%	1,776,082	134,641	7.6%
Несие портфелі, брутто	13,031,358	12,330,251	701,107	5.7%	12,038,868	992,490	8.2%
Күтілетін кредиттік залалдар бойынша резерв	(611,402)	(593,695)	(17,707)	3.0%	(573,219)	(38,183)	6.7%
Несие портфелі, нетто	12,419,956	11,736,556	683,400	5.8%	11,465,649	954,307	8.3%
Сатуға арналған активтер	11,383	9,516	1,867	19.6%	8,833	2,550	28.9%
Басқа активтер	764,362	675,343	89,019	13.2%	622,320	142,042	22.8%
Міндеттемелердің барлығы	17,142,708	16,425,274	717,434	4.4%	15,480,365	1,662,343	10.7%
Клиенттердің қаражаты, сондай-ақ; жеке тұл. депозиттері	14,163,375	13,748,127	415,248	3.0%	12,990,043	1,173,332	9.0%
мерзімді салымдар	7,720,886	7,494,574	226,312	3.0%	7,200,363	520,523	7.2%
ағымдағы шоттар	6,675,906	6,372,044	303,862	4.8%	6,063,129	612,777	10.1%
заңды тұл. депозиттері	1,044,980	1,122,530	(77,550)	(6.9%)	1,137,234	(92,254)	(8.1%)
мерзімді салымдар	6,442,489	6,253,553	188,936	3.0%	5,789,680	652,809	11.3%
ағымдағы шоттар	4,719,737	4,590,841	128,896	2.8%	3,811,441	908,296	23.8%
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	1,722,752	1,662,712	60,040	3.6%	1,978,239	(255,487)	(12.9%)
Кредиттік мекемелердің қаражаты	979,743	959,338	20,405	2.1%	879,212	100,531	11.4%
Басқа міндеттемелер	1,138,477	972,772	165,705	17.0%	814,069	324,408	39.9%
Капиталдың барлығы	861,113	745,037	116,076	15.6%	797,041	64,072	8.0%
	3,267,638	3,190,438	77,200	2.4%	3,068,049	199,589	6.5%

(6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық облигациялары және ҚРҰБ ноталары;

(7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық облигацияларын және ҚРҰБ ноталарын шегергендегі күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервтерді шегергендегі амортизацияланған құны бойынша бағаланатын өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері, борыштық бағалы қағаздар;

2025 жылғы 9 айдың аяғындағы жағдай бойынша **активтердің барлығы** клиенттер қаражатының ұлғаюы салдарынан жыл басынан бері 10.0%-ға өсті.

2024 жыл аяғымен салыстырғанда **клиенттерге қарыздар** брутто негізінде 8.2%-ға және нетто негізінде 8.3%-ға ұлғайды, бұл ретте бөлшек сауда портфелі 9.0%-ға өсті, ал заңды тұлғалардың портфелі брутто негізінде 7.8%-ға өсті.

Stage 3 коэффициенті 2025 жылғы 3-тоқсан аяғына қарай 2026 жылғы мамырға дейін коллекторлық агенттіктерге проблемалық бөлшек қарыздарды сатуға мораторийдің нәтижесінде жыл басына қарай 6.9%-ға дейін өсті.

2024 жылдың аяғымен салыстырғанда **заңды тұлғалардың қаражаты мен жеке тұлғалардың қаражаты** Банк клиенттерінен қаражаттың келуі есебінен тиісінше 11.3% және 7.2%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 9 айдың соңындағы жағдай бойынша клиенттер қаражатының жалпы сомасынан теңгемен номиналданған клиенттер қаражатының үлесі 2024 жыл аяғындағы жағдай бойынша 69.1%-бен салыстырғанда 71.2%-ды құрады, ал теңгемен номиналданған заңды тұлғалар депозиттерінің заңды тұлғалардың депозиттерінің жалпы сомасындағы үлесі 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша 70.9%-бен салыстырғанда 71.7%-ды құрады, ал теңгемен номиналданған бөлшек депозиттердің жалпы сомасындағы үлесі 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша 67.5%-бен салыстырғанда 70.7%-ды құрады.

2024 жылдың аяғымен салыстырғанда **кредиттік мекемелердің қаражаты** РЕПО келісімдері бойынша қарыздардың өсуі салдарынан 39.9%-ға ұлғайды.

2025 жылғы 9 айдың соңындағы жағдай бойынша **шығарылған борыштық бағалы қағаздар** 2024 жылдың аяғымен салыстырғанда 11.4%-ға өсті және Банктің борыштық бағалы қағаздар портфелі келесідей болды:

Борыштық құралдың атауы	Айналыстағы номиналды сома	Сыйақы мөлшерлемесі	Өтеу күні
Реттелген борыштық бағалы қағаздар	101.1 млрд теңге	9.5% p.a.	Қазан 2025
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	146.6 млрд теңге	18.63% p.a. – құбылмалы мөлшерлеме	Шілде 2031
Қазақстан заңнамасы бойынша шығарылған облигациялар	20.0 млрд теңге	17.04% - құбылмалы мөлшерлеме	Желтоқсан 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	199 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	299.7 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	332.2 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Мамыр 2027
Astana International Exchange-де тіркелген облигациялар	439.5 млн АҚШ долл.	жылдығы 3.5%	Шілде 2027

2025 жылғы 2-ші және 3-ші тоқсанда дивиденд төленгеніне қарамастан 2025 жылғы 9 айдың соңындағы жағдай бойынша **капиталдың жиыны** 2025 жылдың 9 айында Банк тапқан таза

пайданың арқасында 2024 жылдың аяғымен салыстырғанда 6.5%-ға ұлғайды.

Банк капиталының жеткіліктілік коэффициенттері*:

	30-қыр-25	30-мау-25	31-нау-25	31-жел-24	30-қыр-24
<i>Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылмаған:</i>					
Halyk Bank					
k1-1	18.3%	18.5%	19.8%	19.6%	19.2%
k1-2	18.3%	18.5%	19.8%	19.6%	19.2%
k2	18.3%	18.5%	19.8%	19.7%	19.4%
<i>Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттері, шоғырландырылған:</i>					
Негізгі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (СЕТ 1)					
бірінші деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициенті меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенті	17.5%	18.1%	19.3%	18.8%	19.0%
	17.5%	18.1%	19.3%	18.8%	19.0%
	17.5%	18.1%	19.3%	18.9%	19.1%

* капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын минималды реттеуші талаптар: k1 - 9.5%, k1-2 – 10.5% және k2 – 12%, соның ішінде 3% сақтау буфері және әрбір коэффициент үшін 1% жүйелік буфер

Ескертулерді қоса алғанда, 2025 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айдағы шоғырландырылған қаржылық ақпарат Банктің веб-сайтында қолжетімді: <http://halykbank.com/financial-results>

2025 жылдың тоғыз айы мен 3-ші тоқсанындағы қаржылық нәтижелер қорытындысы бойынша конференцияның веб-трансляциясы сейсенбі күні - 2025 жылғы 13 қараша күні Лондон уақыты бойынша сағат 14:00-де / Алматы уақыты бойынша 19:00-де (UTC +5:00) өтеді. Презентацияның тікелей трансляциясы тіркелгеннен кейін Zoom сілтемесі арқылы қолжетімді. Тіркелу 2025 жылғы 13 қарашаны қоса алған күнге дейін ашық, тіркелу үшін [мына](#) жерді басыңыз.

Қазақстан Халық Банкі туралы

Халық Банкі – бөлшек, ШОБ және корпоративтік банк қызметтерін, сақтандыруды, лизингті, брокерлік қызметтерді, активтерді басқаруды және өмірге қажетті қызметтерді (лайфстайл) қоса алғанда, әртүрлі сегменттерде жұмыс істейтін Қазақстандағы жетекші қаржы тобы. Халық Банкінің Қазақстан қор биржасында 1998 жылдан бері, Лондон қор биржасында 2006 жылдан бері және Астана халықаралық биржасында 2019 жылдан бері листингі бар.

2025 жылғы 30 қыркүйек жағдайы бойынша Банк жиынтығында 20,410 млрд теңге мөлшеріндегі

активтерге ие бола отырып, Қазақстандағы ең ірі кредитор болып табылады. Банк елдегі ең ірі клиенттік базалардың біріне ие және филиал желісі кең тараған, ел бойынша 540 филиалы мен бөлімшесі бар. Сонымен қатар Банк Грузия мен Өзбекстанда қызмет етеді.

Банк туралы толығырақ ақпаратты: <https://www.halykbank.com>

- СОҢЫ-

Қосымша ақпарат алуға болатын тұлғалар:

Мира Тиянақ	+7 727 259 04 30 MiraK@halykbank.kz
Рустам Теліш	+7 727 330 15 66 RustamT3@halykbank.kz
Екатерина Сванбаева	+7 (727) 330 12 88 EkaterinaS@halykbank.kz
Лаура Кустубаева	+7 (727) 259 60 27 LauraKus@halykbank.kz